



ҚАЛБА ТЫНЫСЫ

№ 22 (9332) Жұма, 31 мамыр 2024 жыл

Газет 1934 жылдан бастап шығады

Айна ақпарат

САЯСИ ҚУҒЫН СҮРГІН – ХАЛҚЫМЫЗ ҮШІН ТАРИХИ ТРАГЕДИЯ



ҚР Президенті Іс басқармасының Президенттік орталығында саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргіндер: тұжырымдамалық пайым және саяси-құқықтық баға беру» атты дөңгелек үстел өтті.

ҚР Президенттік орталығының директоры Бақытжан Темірболат іс-шараның мақсатын атап өтті.

«Қазақстандағы және бұрынғы Кеңес Одағы республикаларындағы саяси репрессиялардың өзекті мәселелеріне сараптамалық талдау жасап, саяси-құқықтық баға беру маңызды», - деді ол.

Қазақстан аумағында жалпы саны 11-ге жуық ГУЛАГ лагері мен бөлімшелері құрылғаны белгілі. Қазақ тарихындағы аса ауыр зұл-

матты кезең – ашаршылықтың болғанына ғасырға жуық уақыт өтсе де, оның алғышарттары, себебі мен салдары әлі күнге дейін ғылыми тұрғыдан жан-жақты әрі толық зерттеліп болған жоқ. Бұл ретте, осыдан төрт жыл бұрын Мемлекет басшысының тапсырмасымен ашаршылық пен сталиндік қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде мемлекеттік комиссия құрылған болатын.

Мәжіліс депутаты, тарих ғылымдарының докторы, профессор Еркін Әбіл соңғы жылдары құпия сақталған құжаттар қолға тигенмен, көбі жарамсыз күйінде екенін айтты. Қағаздарға су тиіп, жыртылып, жазулар жоғала бастаған. Десе де, ғалымдар маңызды дүниелерді барынша сақтап қалуға тырысып отыр.

«Бұл оқиға – халқымыз үшін тарихи трагедия. Әлі ашылмаған дүниелер көп. Біз әлі саяси қуғын-сүргін құрбандарының нақты санын білмейміз. Жеке есімдерін білу былай тұрсын, ашаршылықтан қайтыс болғандардың саны да белгісіз. Үш жыл ішінде мұрағат материалдары ретінде 70-тен астам құжат жинағы әзірленді. Соңғы екі жылда Алматыдағы Президент мұрағатында 100 жылда жиналған материалмен тең 700 мыңға жуық құжат жиналды. Алайда, оның жартысынан көбі дұрыс сақталмағандықтан, қайта қалпына келтіруді қажет етеді. Кейін құжаттарды ғылыми айналымға енгізу керек», - деді Еркін Әбіл.

«KAZINFORM»

ЖАС САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Өткен аптада Жарма ауданы Қалбатау ауылындағы «Даңқ» мемориалдық орталық алаңда 47007 әскери бөліміне келген жас сарбаздардың салтанатты түрде Әскери ант қабылдау рәсімі өтті.

Жалпы дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан бұл шара әскер қатарына келген еліміздің жас ұландарының бойында патриотизм сезімін, Отанға және Қазақстан Президентіне деген адалдыққа, элиталық әскери бөлімнің қатарында қызмет атқаруды мақтан тұтуға тәрбиелейтін айрықша әскери рәсім болып табылады.

Еліміздің әр өңірінен келген жас сарбаздардың ата-аналарының қатысуымен өткен шара барысында аудан әкімінің орынбасары Сәкен



Сәтпеков өзінің құттықтауын білдіріп, Отан, ата-ана алдындағы үмітті ақтауға келген әскер қатарындағы жастарға антқа адал болуға тілектес екенін жеткізді.

Жас сарбаздарды құттықтауға Жарма аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы М.Саябаев және аталған әскери бөлім командирі Ж. Оркенбаев, сондай-ақ, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Нұрлыбек Есполов және жас сарбаздың ата-аналары да өздерінің жүрек жарды лебіздерін білдірді.

Ант қабылдау рәсімінің салтанатты бөлімінен кейін 47007 әскери бөлімінің жас сарбаздарының қоян-қолтық ұрыс әдістері көрсетіліп, аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының патриоттық ән шапқулары ұсынылды.

Өз тілшіміз.

Аудан мақтанышы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӘРЕЖЕДЕГІ «СПОРТ ШЕБЕРІ» АТАНДЫ



Жарма ауданында спортты өзіне серік етіп, талай байрақты бөсекелерде қарсыластарынан айқын басымдықпен жеңіс жетіп жүрген жұлдегерлер қатары қалың. Жалпы өңірдің спорт саласында жеңіс туын желбіретіп, боз кілемнің пірі атанып жүрген жерлестерімізді қашанда мақтан тұтамыз.

Грек-рим, еркін күрестен ауданда ұйымдастырылып келе жатқан халықаралық, республикалық, аудандық турнирлер талай жас балуанның қанатын қатайтып, бағын ашып келеді. Боз кілемдегі белдесулерде бағын

сынайтын балуанның бабын тауып, күрестің әдіс-тәсілін үйретіп келе жатқан бапкерлердің де еңбектері зор екені сөзсіз.

Таяуда ғана Грек-рим күресінен «Қазақстан республикасының Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанған жас балуан Армия Қуат Қанатұлын сейсенбі күні Жаңғызтөбе ауылдық округінің әкімі Қ. Закимов салтанатты түрде құттықтап, игі тілегін білдірді.

-Жарма жерінен, соның ішінде Жаңғызтөбе өңірінен спортқа бет бұрып, жетістікке жетіп жүрген спортшыларымыз баршылық. Міне, Қуат баламыз да халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанып, жерлестерін қуантып жатыр. Біз Қуаттың болашағынан зор үміт күтеміз. Жастайынан спортқа соның ішінде күреске бауылған жаттықтырушысы Бекжан Болатбекұлына да ризашылығымызды білдіреміз. Жастарды қолдап, әрқашан демеушілік көрсетіп жүрген жерлестерімізге рахмет. Дегенмен де жас балуанды әлі де қолдап-қолпаштап, демеушілік етіп отырсақ Қуат спорттың биік шыңын бағындырарына сенеміз, - деді округ әкімі Елеубек Тұрсынханұлы.

Ал осынау дүбірлі толы жарыстарға қатысу барысында жас балуанға тұрақты түрде демеушілік жасап келе жатқан жерлестеріміз Мұсажанов Бактыгерей Күнісламұлы да жиында арнайы қатысып, Қуат Қанатұлы мен бапкері Бекжан Болатбекұлын құттықтады. Сондай-ақ, жас спортшыға әрқашан сәттілік тілеп, мықты да жігерлі бол деген игі тілегімен бөлісті. Ағалық ақ тілегін айта отырып, қаржылай сыйлығын да тарту етті. Әрқашан да спорттық жарыстарына қолдау білдіріп жүретін ел ағасына ауылдық округ әкімі де

ризащылығын білдірді.

Жаңғызтөбе орта мектебінде оқып жүргеннен-ақ күреске деген қызығушылығы жоғары болған жас балуанды алғаш күреске бауылған жаттықтырушы Аманбай Бекжан Болатбекұлы. Бүгінде жасы 20-ға келіп қалған жас балуан Қуатты 2 жыл еркін күреске жаттықтырған бапкері спортта дарынды балалар білім алатын арнайы мектептің мұғалімі Иманғалиев Дүйсен асқарянұлына табыс етеді.

Қуат Қанатұлы 2017 жылы Қазақстан Республикасының, 2019 жылы ҚР-ның 2 дүркін жеңімпазы атанады. Дәл сол жылы Дүниежүзілік әлем чемпионатында күміс жұлдегер иегері болған. Жалпы аудан мақтанышына айналған жас балуан көптеген халықаралық жарыстардың жеңімпазы.

2023 жылы ересектер арасында Испания елі Мадрид қаласында Гран-при атты халықаралық жарыста күміс жұлдегер атанып, «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атағын алды.

-Менің спортқа деген қызығушылығымды оятып, мені еркін күреске жаттықтырған алғашқы бапкеріме алғыс айтамын. Әрбір



спорттық жарысқа шығар алдында үнемі қолдау көрсетіп жүрген Жаңғызтөбе ауылдық әкімшілігіне, ұстаздарыма, кәсіпкер де іскер аға-апауларға рахмет. Маған артқан үміттеріңді ақтап, жеңіс тұғырынан көріну үшін боз кілемдегі жаттығу дайындықтарына сіздердің ыстық ықылас, қолдауларыңызбен жігерлене қатысамын. Барлықтарыңызға алғысым шексіз, - дейді сөз соңында жас балуан.

Жеңімпаз ұлын марапаттап, ауыл тұрғындары алдында құрмет көрсетіп жатқан Жаңғызтөбе ауылдық округі әкімшілігі де, жас балуанға қолдау көрсетіп, демеушілік етіп жүрген мәрт те жомарт азаматтары да елге үлгі болар іс танытып отыр десек артық айтқандық емес. Ал Қуат спортта бағы жанып, жеңіс туын желбіретсе береріне мол сенім білдіреміз.

К.Шыңбат

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

10.07.2024 жылы сағат 15:00-де Абай облысы, Жарма ауданы, Жарық а. о., Жарық ауылы, Абай к-сі, 17, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша Бигали учаскесін барлау жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді. Әсер ету аумағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Жарық а. о., Жарық ауылы, координаттары: 48°48'40,81"се, 81°32'01,37"шб. Жоспарланған қызмет учаскесінің координаттары: 1) 49°00'00"се, 81°34'00"шб; 2) 49°00'00"се, 81°35'00"шб; 3) 48°59'00"се, 81°35'00"шб; 4) 48°59'00"се, 81°34'00"шб.

Жобалық құжаттама пакетімен бірінші экологиялық порталда танысуға болады <https://ecorportal.kz/>, сондай-ақ "Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірінші экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, "Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-45-35, 8 (777) 287-49-61. Электрондық мекен-жайы: aktoty_mira@mail.ru.

Интернетке қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/75460369938?pwd=Pt8ZVvB2xdGC2xmZlze9tITStzeb6.1>. Конференция идентификаторы: 754 6036 9938. Кіру коды: 6fvWpt. Zoom-ға қосылу мәселелері бойынша конференция идентификаторы мен кіру кодын алу үшін 8 (777) 414-90-10 телефоны бойынша хабарласуға болады. Сондай-ақ, қосылуға сілтеме бірінші экологиялық порталда қолжетімді болады. Конференцияға қосылу мүмкін болмаған жағдайда тыңдаулар офлайн режимінде өткізілетін болады.

Қатысушыларды тіркеу талқылау басталғанға дейін 1 сағат бұрын жеке куәлікті көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тапсырыс беруші: "ATAMEKEN GOLD LTD" ЖШС, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Қалбатау ауылдық округі, Қалбатау ауылы, Ақтамберді жырау көшесі, 7 үй, e-mail: smustafaeva83@gmail.com, БСН: 230940040533.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: "Legal Ecology Concept" ЖШС, Өскемен қ., 070002, Трудовая к-сі, 9, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: mustafaeva-si@mail.ru.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: mustafaeva-si@mail.ru және тел: +7 (777) 414-90-10.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

10.07.2024 жылы сағат 16:00-де Абай облысы, Жарма ауданы, Жарық а. о., Жарық ауылы, Абай к-сі, 17, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша Балапан учаскесін барлау жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді. Әсер ету аумағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Жарық а. о., Жарық ауылы, координаттары: 48°48'40,81"се, 81°32'01,37"шб. Жоспарланған қызмет учаскесінің координаттары: 1) 49°00'00"се, 81°34'00"шб; 2) 49°00'00"се, 81°35'00"шб; 3) 48°59'00"се, 81°35'00"шб; 4) 48°59'00"се, 81°34'00"шб.

Жобалық құжаттама пакетімен бірінші экологиялық порталда танысуға болады <https://ecorportal.kz/>, сондай-ақ "Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірінші экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, "Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-45-35, 8 (777) 287-49-61. Электрондық мекен-жайы: aktoty_mira@mail.ru.

Интернетке қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/77917147045?pwd=A3GP1IuC9dBSaK5vhyYgkyyKqwVQ3T.1>. Конференция идентификаторы: 779 1714 7045. Кіру коды: 0yTmAa. Zoom-ға қосылу мәселелері бойынша конференция идентификаторы мен кіру кодын алу үшін 8 (777) 414-90-10 телефоны бойынша хабарласуға болады. Сондай-ақ, қосылуға сілтеме бірінші экологиялық порталда қолжетімді болады. Конференцияға қосылу мүмкін болмаған жағдайда тыңдаулар офлайн режимінде өткізілетін болады.

Қатысушыларды тіркеу талқылау басталғанға дейін 1 сағат бұрын жеке куәлікті көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тапсырыс беруші: "ATAMEKEN GOLD LTD" ЖШС, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Қалбатау ауылдық округі, Қалбатау ауылы, Ақтамберді жырау көшесі, 7 үй, e-mail: smustafaeva83@gmail.com, БСН: 230940040533.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: "Legal Ecology Concept" ЖШС, Өскемен қ., 070002, Трудовая к-сі, 9, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: mustafaeva-si@mail.ru.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: mustafaeva-si@mail.ru және тел: +7 (777) 414-90-10.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

10.07.2024 года в 15:00 часов по адресу: область Абай, Жарминский район, Жарыкский с. о., с. Жарык, ул. Абая, 17, здание акимата состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам документов для получения экологического разрешения на воздействие к Плану разведки участка Бигали. Территория воздействия: область Абай, Жарминский район, Жарыкский с. о., с. Жарык, координаты: 48°48'40,81" сш, 81°32'01,37" вд. Координаты участка намечаемой деятельности: 1) 49°00'00"сш, 81°34'00"вд; 2) 49°00'00"сш, 81°35'00"вд; 3) 48°59'00"сш, 81°35'00"вд; 4) 48°59'00"сш, 81°34'00"вд.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz/>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» e-prigoda.gov.kz в разделе «Общественные слушания»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу: г. Семей, ул. Турлыханова, 30, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел.: 8 (7222) 35-45-35, 8 (777) 287-49-61. Электронный адрес: aktoty_mira@mail.ru.

Ссылка для онлайн-подключения: <https://us04web.zoom.us/j/75460369938?pwd=Pt8ZVvB2xdGC2xmZlze9tITStzeb6.1>. Идентификатор конференции: 754 6036 9938. Код доступа: 6fvWpt. По вопросам подключения к Zoom, для получения идентификатора конференции и кода доступа обращаться по телефону: 8 (777) 414-90-10, также ссылка на подключение будет доступна на едином экологическом портале. В случае невозможности подключения к конференции слушания будут проведены в режиме офлайн.

Регистрация участников ведется при предъявлении удостоверения личности за 1 час до начала обсуждения.

Заказчик: ТОО «ATAMEKEN GOLD LTD», Республика Казахстан, область Абай, Жарминский район, Калбатауский сельский округ, село Калбатау, ул. Ақтамберді жырау, д. 7, e-mail: smustafaeva83@gmail.com, БИН: 230940040533.

Разработчик проектной документации: ТОО «Legal Ecology Concept», г. Усть-Каменогорск, 070002, ул. Трудовая, 9, БИН: 211040029201, тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: mustafaeva-si@mail.ru.

Дополнительную информацию можно получить по адресу электронной почты: mustafaeva-si@mail.ru и тел: +7 (777) 414-90-10.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

10.07.2024 года в 16:00 часов по адресу: область Абай, Жарминский район, Жарыкский с. о., с. Жарык, ул. Абая, 17, здание акимата состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам документов для получения экологического разрешения на воздействие к Плану разведки участка Балапан. Территория воздействия: область Абай, Жарминский район, Жарыкский с. о., с. Жарык, координаты: 48°48'40,81" сш, 81°32'01,37" вд. Координаты участка намечаемой деятельности: 1) 49°00'00"сш, 81°34'00"вд; 2) 49°00'00"сш, 81°35'00"вд; 3) 48°59'00"сш, 81°35'00"вд; 4) 48°59'00"сш, 81°34'00"вд.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz/>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай» e-prigoda.gov.kz в разделе «Общественные слушания»: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу: г. Семей, ул. Турлыханова, 30, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел.: 8 (7222) 35-45-35, 8 (777) 287-49-61. Электронный адрес: aktoty_mira@mail.ru.

Ссылка для онлайн-подключения: <https://us04web.zoom.us/j/77917147045?pwd=A3GP1IuC9dBSaK5vhyYgkyyKqwVQ3T.1>. Идентификатор конференции: 779 1714 7045. Код доступа: 0yTmAa. По вопросам подключения к Zoom, для получения идентификатора конференции и кода доступа обращаться по телефону: 8 (777) 414-90-10, также ссылка на подключение будет доступна на едином экологическом портале. В случае невозможности подключения к конференции слушания будут проведены в режиме офлайн.

Регистрация участников ведется при предъявлении удостоверения личности за 1 час до начала обсуждения.

Заказчик: ТОО «ATAMEKEN GOLD LTD», Республика Казахстан, область Абай, Жарминский район, Калбатауский сельский округ, село Калбатау, ул. Ақтамберді жырау, д. 7, e-mail: smustafaeva83@gmail.com, БИН: 230940040533.

Разработчик проектной документации: ТОО «Legal Ecology Concept», г. Усть-Каменогорск, 070002, ул. Трудовая, 9, БИН: 211040029201, тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: mustafaeva-si@mail.ru.

Дополнительную информацию можно получить по адресу электронной почты: mustafaeva-si@mail.ru и тел: +7 (777) 414-90-10.

УТЕРЯ

ИП Нуранбаев Ермек Серикович утерян кассовый аппарат МИНИКА 1102 Ф Заводской номер: 1048508

Утерян кассовый аппарат у ИП "Байменовой Р.К." ИИН 510226400061. Марка: Миника 1102Ф, заводской номер 1446364, год выпуска: 2006.

ПРОДАЕТСЯ

Продается дом по ул. Танибергенова 26 (угол улицы бывш. Ленина). Большой участок 15 соток, дом требует ремонта.

Прекрасное расположение (самый центр), можно построить на его месте большой дом. Недорого.

Телефон для связи 87014915855, 87015442976 (писать на ватсап).

АСҚА ШАҚЫРУ

Құрметті ағайын-туыс, дос-жаран, құда-жекежат, көршілер, сіздерді асқар таудай әкеміз, ардақты атамдыз, Тлеулипов Кеңжебек Қалиұлының 1 жылдық асына шақырамыз. Берілетін ас Қалбатау ауылы «Шаңырақ» мейрамханасында 2024 жылы 8 маусым күні сағат 12-00 де.

Нұрлы бейнең есте қалар мәңгілік, Даусың да құлақта тұр жаңғырып. Арамызда жоқтығыңды білсек те, Келетіндей арманменен сан үміт.

Еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.



ЕСКЕ АЛУ

Салқынтөбе ауылының тұрғыны болған ардақты әке, немерелерінің сүйікті атасы, Самжанов Мұратқазы атамды сағына еске аламыз.

Атамау сағындық қой біз өзінді, Зар болдық естуге біз бір сөзінді. Әр күн сайын еске алып жабырқаймыз, Көре алмай қос жанарлы көзінді. Жаман хабар келгенде таңырқадық, Қайғыменен қуанышты айырмалық. Есімізде қалған тек естеліктер, Өнімізге шығарып ала алмадық. Әр сәт сені ойлаймын жабырқаумен, Сағым менің сындығой қошсаумен. Сендей ата ендігі кездеспейді ау? Шабығым кетті өзен арнасымен. Сағыныштың ызғарынын суығай, Сағыныштан сарылумен солдымай. Іштегіні шығара алмай ешкімге, Қайғыменен қиналумен толдымай. Суретпенен қарай қарай тесілдім, Немереніз Аружан менің есімім. Жылға тақап қайтқанына атамның, Арнауменен сағынышты жеткіздім. Сағыныштан жүрек тулап алқынды, Көз жасымыз жылай жылай сарқылды. Немерем деп еркелетер арқашан, Мәңгілікке жоғалттым мен атамды. Атам енді жылағаннан оралмас. Сыр шертемін жүрегімде ауыр тас, Еш қашанда айлар өтсін жыл өтсін, Есімізден еш қашанда жойылмас.

Өлең авторы: Немересі Мұратқазы Аружан Нұрсұлтанқызы.

Жаңғызтөбе ауылының тумасы болған ардақты ана, қимас туыс Байнұрқашева Жібек Зиябекқызының өткеніне 5 жылдың жүзі болды.

Еске аламыз ардақты апайымызды, Үлкеніміз ақыл айтар панамызды. Егілеміз, жылаймыз еске алып, Кең пейілді, ақ көңіл Жібегімізді. Жылаймыз да көнеміз ғой, тағдырға, Бала-шаған туыстарың бар мұнда. Ешқашан да ұмытпаймыз біз сені, Дұға жасап барып тұрамыз басына. Аға-бауыр сіңілерің өзіңнің, Қарашығы біздер сенің көзіңнің. Апатайым ақыл айттың сен бізге, Астары бар сенің айтқан сөзіңнің. Қайратыңның қызығын да көрмедім, Көп болды ғой армандаған арманың. Немерелерің бар «ана» деген өзінді, Сағынады айтқан сенің сөзіңді. Мейірімді жарқын сенің жүзіңді, Тура деген сөздерің бар ұмытылмас. Сол сөздерді бір естуге зар болдық, Апатайым туысың бар сені қимас. Топырағын торқа болсын жан апам, Орын берсін Аллама саған жұмақтан. Қолдап қорғап аруағыңмен ұрпағыңды, Сактай көрші Аллама өзін жаратқан.

Сағына еске алушылар: Балалары, туыстары, немерелері.

